



Автор: Есетова Салтанат Жұбатқанқызы
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 3-сынып
Бөлім: Өнер
Тақырып: Негізгі және туынды зат есім

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.4.2.4 негізгі, туынды зат есім/сын есім/етістікті анықтау 3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру; 3.4.2.4 негізгі, туынды зат есім/сын есім/етістікті анықтау; 3.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету; 3.1.3.1 түрлі жағдаяттағы (қоғамдық ортада) қатысымдық әрекеттерде өз сөзін жүйелі түрде жоспарлап, тілдік нормаларды сақтап сөйлеу.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар жасай алады: • Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге, өз ойын дәлелдеуге және толық, жүйелі, түсінікті етіп айтуға, ойын жазбаша жеткізуге дағдыланады. Оқушылардың көбі жасай алады: • Диалогке қатысады; мұғалімнің көмегімен мәтіндегі негізгі ойды анықтай алады. Оқушылардың кейбірі жасай алады: • Берілген тақырып бойынша өз көзқарасын білдіріп, ой қорыту жасай алады.
Бағалау критерийлері:	• Тыңдалған мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріп, мәтінде жалпы не туралы айтылғанын түсінеді. • Диалогке қатысады; мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтай алады. • Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге, өз ойын дәлелдеуге және толық, жүйелі, түсінікті етіп айтуға, ойын жазбаша жеткізуге дағдыланады.
Құндылықтарды дарыту:	Оқуға, білімге деген қызығушылығын арттырып, еңбекке баулу. Жеке және топта жұмыс жасай алу, ынтымақтастық.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;
Пәнаралық байланыс:	Дүниетану, қазақ тілі, әдебиеті.
Бастапқы білім:	5-бөлім материалдары оқушылардың 2-сыныпта өткен «Сөз таптары», алдыңғы бөлімде қарастырылған «Сөз құрамы» тақырыптары бойынша игерген дағдылары мен білімдеріне негізделіп меңгертіледі.
Ресурстар	Топқа бөлуге арналған парақшалар, интерактивті тақта, жұмыс дәптері, қалам мен түрлі түсті қарындаш, стикер, видеоматериалдар., постер, кері байланыс парағы т.б

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (2 мин)	Ынтымақтастық ахуалын құру Амандасу.Оқушыларды түгендеу. «Сыйлық сыйлау» Топқа бөлу.Түрлі-түсті гүлдер арқылы (Ұ) Жаңа сабақты ұйымдастыру. Оқушылардың зейінін сабаққа аудару. « Шынжыр » әдісі (Ө; Қ) Миға шабуыл.Жаңа сабаққа кіріспе. Оқушылар сұрақтарға жауап беру арқылы өткен сабақтардан игерген білімдерін пысықтайды: – Зат есім дегеніміз не? – Зат есімдерге қандай сұрақтар қойылады? – Дара зат есем дегеніміз не? – Күрделі зат есім дегеніміз не? – Жалпы есім дегеніміз не? – Жалқы есім дегеніміз не? Бағалау «Смайликтер».	Image not found or type unknown 5e4d09647032a7f9ea72b09.png Image not found or type unknown 5e4d0a17791fc.png Image not found or type unknown 5e4d0aa7c5e4d09b2d3721.png Image not found or type unknown 5e4d0abd9aca3.png Image not found or type unknown Сұрақтар жазылады Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары
----------------------------------	--	--

Сабақтың ортасы (35 мин)	3.2.3.1 (МК; Ө) Мәтінді тыңдау. 21-жаттығу. Оқушыларға «Ананың асыл арманы» мәтіні тыңдатылады. Түсіндірме сөздікпен жұмыс ұйымдастырылады. « Жедел сұрақтар » әдісі (Т; Қ) Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастыру. Сұрақтарға жауап беру. (Ж; Қ) Мәтін кейіпкерлерін сипаттау. Оқушылар мәтіндегі кейіпкерлерді анықтап, олардың іс-әрекеттеріне талдау жасап, мінездеме береді. Мәтін мазмұны бойынша өз пікірлерін білдіреді. «Екі тілек, бір ұсыныс» бағалайды. (Ө; Ұ; Қ) Қарамен берілген сөздерді сөз құрамына талдау. Мәтіндегі қарамен берілген сөздердісөз құрамына талдайды. Оқулықта берілген жаңа ақпарат оқытылып,түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылады. Негізгі және туынды зат есімдер туралы түсінік беріліп, игерген білімдерін мысалдар келтірту арқылы бекітеді. Сөздерді салыстырып оқы. Олардың әрқайсысына сұрақ қой, айырмашылығын байқа. өнер - өнерпаз шебер - шеберлік сурет - суретші сый - сыйлық Оқушыларға қорытынды жасата отырып, оқулықтағы ережемен таныстыру Сергіту сәті:1 мин. Абай өлеңдері 3.1.3.1 (МК; Ө; Ж; Қ) Мақалды қатесін түзеп көшіріп жазу. 22- жаттығу. Оқушылардың сыни ойлауын, оқу рефлексиясын дамытуға бағытталған «Детектив» стратегиясы бойынша іздену жұмысы ұйымдастырылады. Оқушылардың назары мақалға аударылады. Мақалды оқып, қатесін тауып, қайта құрастырып жазады. Мақалдың мағынасын түсіндіреді. ҚБ- «Отшашу» 3.1.2.1 (МК; Ө; Т; Қ) Өлеңді оқу. Өз ойын жүйелі жеткізіп, сөйлеу барысында тілдік нормаларды дұрыс қолдану. 23-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқиды. Топтық жұмыс. • Қалай ойлайсың, Күн кілем тоқи ала ма? Өлеңнің алғашқы шумағында неліктен солай айтылған? Топта талқыла. • Өлеңдегі қай сөзге -ше, -ші жұрнақтарын жалғау арқылы туынды зат есімдер жасауға болады? Бағалау критерийі Дескрипторлар 1.Мазмұнын түсініп,сұрақтарға жауап береді 1.1-сұраққа дұрыс жауап береді 2.2-сұраққа дұрыс жауап береді 3.3-сұраққа дұрыс жауап береді ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау. Саралауға арналған тапсырмалар. Негізгі және туынды зат есімдер туралы С деңгейі. Негізгі және туынды зат есімдерге мысал келтір. Олардың әрқайсысына сұрақ қой, айырмашылығын байқа. В деңгейі. Туынды зат есімдерді тауып, сөз құрамына талда. А деңгейі. Мәтін бойынша бағытталған сұрақтарды.	тыңдалым сұрақ – жауап айтылым практикалық жұмыс айтылым оқылым Үзінді айту оқылым оқулық топтық жұмыс айтылым
Сабақтың соңы (1 мин)	«Ыстық орындық» әдісі Қорытынды. – Бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма? – Сабақтан не үйрендіңдер? – Саған не ерекше қызықты болды? – сұрақтарына жауап береді.	кері байланыс орнату.
Рефлексия (1 мин)	Рефлексия «Смайликтер»	